

Арқасүйер күш – орташа тап

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа қоғамдық құрылыс құруға, жаңа экономикалық, қатынастар орнатуға бет бұрғанына да міне, үш жыл болды. Қоғамдағы жаңарту-жаңғырту сипатындағы құбылыстардың қандайы болсын ғылыми жағынан тұжырымдалған, белгілі бір бағдарсыз мүмкін емес. Біздің нарықтық экономикаға баруда кібіртіктеп, әлі де жеткілікті ілгерілей алмай жатуымыздың бір себебі қоғамның идеялық, дағдарысқа ұшырап отырғандығында да болса керек. Ал бұл дағдарыстан алып шығар күш бар ма, бар болса олар - кімдер?

Мұндай теориялық мәселелер өткен жылдың күзінде Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің қарауына ұсынылған Қазақстан азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқы концепциясының жобасында егжей-тегжейлі айтылады. Бұл еңбектің авторлары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының президенті, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев бастаған ғалымдар тобы.

Бүгінгі күні өтпелі кезеңді басынан кешіп отырған Қазақстанда жаңа экономикалық қоғамдық құрылымға өту барысындағы жұмыстың басты мақсаты бір-ақ нәрсеге тірелуі тиіс - ол әлеуметтік мәселе, яғни халықтың әл-ауқатын тиісті дәрежеде қамтамасыз ету.

Бұған қалай қол жеткіземіз? Міне, мәселе осында.

Экономиканы жаңғыртуға кеткен алғашқы жылдар қиыншылыққа да, қателікке де толы болды. Ауыз тұшытарлықтай нәтижелерге жете алмадық. Шын мәнінде, бұл кезең байқап көру, аңысын аңдасу әрекеттеріне арналады. Экономиканы жаңғыртудың қысқа және ұзақ мерзімді түрлі бағдарламаларын жасаумен айналысып әлек болудамыз. Бірақ ол бағдарламалар біздің ішкі жағдайымызға сай ма? Бізде шетелге еліктеуге, шетелдік нарық үлгісінен көшіруге деген құштарлық басым. Ал оның аяғы не болатыны, түбінде тіпті кері нәтижелерге апарып соқтыру мүмкіндігі ескерілмей жатады.

Қазіргі уақытта қоғамда Қазақстанның бүгінгі даму үрдісі туралы толық түсінік бере алатындай белгілі бір бағдарға деген мұқтаждық байқалып отыр. Қысқа және ұзақ мерзімді бағдарламалар жалаң күйінде, тиісті теориялық негізсіз, белгілі бір бағдарсыз Қазақстанды жаңғырту процесін жеделдете алмайды, керісінше, қоғамдық күйзелісті одан әрі тереңдетеді. Бұл және экономикалық қана емес, идеялық дағдарысқа да ұшыратады.

Экономикалық жаңғыртулар мен жекешелендіру сияқты саясаты ілгерілеп жүрген сайын бұл күйзеліс одан әрі шиеленісе түседі. Бізде "демократия", "күқықтық мемлекет", "азаматтық қоғам", "нарық" деген түсініктерге жете мән берілмей, бұл ұғымдар өзінің іс жүзіндегі мазмұнынан айырылып бара жатыр. Қазір бізге экономикалық жаңғыртулардың теориялық негізін жасаумен айналысу керек. Ғылыми негізсіз қандай жаңғырту болуы мүмкін? Теориясыз дүние тұл деген емес

пе? Әйтпесе, Марк Твен айтқандай, қайда бара жатқанын білмейтін адам, қайда келгенін түсінбей дал болады ғой.

Дәл бүгінгі күні біз батыстың нарықтық экономикасын тілге тиек ете бермей, өтпелі кезең үшін қажетті тиімді экономика туралы сөз еткеніміз жөн. Нарыққа барар жол - бұл әлі нарықтың өзі емес, бұл екеуін шатастыруға болмайды. Өтпелі кезең - басып өтпеуге болмайтын тарих соқпағы. Одан аттап кету мүмкін емес. Бұл жолда меншік пен шаруашылық жүргізудің барлық түрі, ескі және жаңа ережелер қатар жүруге тиіс.

Бірақ бұл кезеңде шаруашылықты басқарудың әміршілдік және нарықтық тетіктерін сараламай, бір-бірімен араластырып жіберуге жол беруге болмайды. Бұл жағдайда біз мандайды тасқа соғып қалуымыз мүмкін. Біз мұның "дәмін татып" та үлгірдік. Ескі басқару жүйесі істен шығып, жаңа, нарықтық басқару жүйесі әлі іске қосылмай жатқан өліара шақты бастан өткерудеміз.

Мен мынаны баса айтар едім: өтпелі кезеңде экономикалық өзгерістерді біртіндеп жүргізу керек. Осы орайда саясаткерлер мынаны естерінде ұстаса деймін - жаңадан ештеңе жасалмай жатып, ескінің бір тасын сындырып, бір талын бүлдірмеген абзал.

Маған, әрине, қарсы шығушылар болуы сөзсіз, менің ескі көзқарасты ұстанатынымды бетіме басып, консерваторлығым үшін кінәлаулары әбден мүмкін. "Жаңа демократтар" мұны ескінің алдындағы дәрменсіздікті толық мойындау деп ұғады. Мүлдем олай емес! Керісінше, экономикалық жаңғыртуларды біртіндеп жүргізу біздің ұстанған бағытымыздың дұрыстығына кепіл болады.

Жүргізіліп жатқан өзгертулердің неғұрлым жанға батпайтындай болып өтуіне көңіл бөлу керек. Қазақстанда қызмет істеп жүрген батыс елдері кеңесшілерінің пікірінше, біздегі әлеуметтік мәселелердің түйіні шешілмей, халықтың әл-ауқатының төмендеп кетуіне осы жүргізіліп жатқан жаңғыртулар кесірін тигізген сияқты. Бұл жағдай, олардың пайымдауынша, бюджетті сауықтыру үшін түрлі жеңілдіктер мен субсидиялар беруді тоқтатудан, өндірістің қысқаруынан, кейбір өнеркәсіп орындары мен қорғаныс кешені кәсіпорындарының жабылуынан туындап отыр.

Олардың ұғымында - жұмыссыздық деңгейі неғұрлым жоғары болса ақша саясатының тиімділігі де соғұрлым арта түседі. Жұмыссыздықты олар саяси еркіндік үшін төленген төлемақы деп санайды.

Біздіңше, бұл пікірлер теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік жағынан да түбірімен негізсіз. Экономикалық саясаттың бірден-бір түпкі мақсаты - қандай жолмен болсын қаржы саясатын сауықтандыруға қол жеткізу деген түсінік дұрыс емес. Әлеуметтік шараларды ескерместен, бағаны жаппай ырықтандыра отырып, инфляцияны ауыздықтау да мүмкін емес. Егер экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру қысқа уақытта тұтыну рыногын тиісті тауарлармен, қызмет түрлерімен толықтыруға мүмкіндік бермесе, онда мұндай қайта құру өз мақсатын орындай алмағаны.

Жалпы, өтпелі кезең экономикасының терең үніліп, жете түсінуді

кажет ететін теориялық түбегейлі мәселелері көп. Олардың ең негізгілері Қазақстан азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру концепциясының жобасында беріледі. Бұл еңбек Ұлттық академия ғалымдарының күшімен дайындалып, Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңесте талқыланды.

Онда қоғамды қайта жаңғыртудың ұзақ мерзімдік стратегиясын жасау жолдары әлемдік тәжірибе мен Қазақстан жағдайының ерекшелігіне сүйене отырып, батыс елдеріндегі өзгертулер процесін талдау негізінде көрсетілді. Бұл құжатты жасағанда біз ең алдымен қоғамдағы орташалар деп аталатын аралық тапты бағдарға алдық. Бүгінгі өркениет, ағылшын философы А.Тойнбидің пікіріне сүйенсек, ең алдымен, орташалар өркениеті. Батыс Европа мен АҚШ, Жапония сияқты алпауыт елдердің даму тарихына үңілсек, бұл қағиданың өміршеңдігіне көз жеткізу қиын емес: бұл елдердегі жаңару, әлемдік нарықтық экономикаға кірігу оларда экономикалық және саяси жағынан табанды да белсенді орташа таптың қалыптасуының арқасында мүмкін болды.

Ендеше, Қазақстанда да нарықтық қатынастардың қалыптасу мүмкіндігі орташалар табының пайда болу-болмауымен байланысты.

Ал осы "орташалар табы" деп отырғанымыздың өзі кімдер? Дамыған батыс елдерінде бұл тапқа халықтың экономикалық білімі, интеллектуалдық деңгейі жағынан белсенділігімен ерекшеленетін екі тобы кіреді: жеке-даралар мен жалдамалылар. Орташа таптың жеке-дара деп аталатын жігін меншік иелері мен кәсіпкерлер құрайды, ал екінші тобына жоғары басқару аппараты, интеллектуалды мамандықтар (яғни ой еңбегінің) өкілдері жатады. Одан әрі - орта буын мамандары, яғни білім беру, денсаулық сақтау салалары, мемлекеттік қызметкерлер, әлеуметтік қызмет көрсету саласының мамандары, т.б. мамандықтар өкілдері.

Орташалар табының бүгінгі күнгі құрылымында оның дәстүрлі бөлігінің - меншік иелері мен кәсіпкерлердің үлесі мардымсыз, әрі олар бұл таптың қоғамдағы орны мен рөлін анықтай алмайды. Халықтың бұл тобына ғана сүйену әлеуметтік-экономикалық белсенділігі жағынан басымдау жалдамалылар тобынан сырт айналумен тең. Батыс елдерінде қазіргі уақытта орташалар табының дәстүрлі құрамының үлес салмағын азайтып, жаңа топ, жалдамалылар санын ұлғайту бағыты бел алууда.

Ал Қазақстандағы жағдай бұған кереғар бағытта. Бізде жеке-даралар жігін қалыптастыруды жеделдету шараларына басым көңіл бөлінуде, ал жалдамалылар жігінің қалыптасуы үшін тиісті жағдай жасалынбай отыр. Осыдан келіп, іс жүзінде білім беруде, ғылымда, мәдениет саласында дағдарысқа ұшырап, өркениетті қоғам үшін маңызы зор көптеген мамандықтар өз бедел-бедерінен айырылып отыр. Жалпы жалдамалы еңбек бүгінгі күні өз мәнін жоғалтып отыр деуге болады.

Бұл тұрғыдан алғанда біздегі жағдай әлі күнге шейін орташа тап қалыптаспаған Латын Америкасы елдерімен ұқсас. Дәл қазіргі Қазақстанның ерекшелігі де бізде осы таптың қалыптаса алмай келе жатқандығында болып отыр. Нарыққа өтудің негізгі шарты - осы орташалар

табын қалыптастыру. Алайда, дәл бүгін Қазақстанда қолдарына қаржы қорын жинақтаған меншік иелері мен кәсіпкерлер ерекше жіктеліп, халықтың басқа топтары кедейленген кейбір елдердің даму жолын қайталау қаупі бар.

Халықтың байлар мен кедейлерге жіктелуі қоғамдық ахуалға да әсерін тигізбей қоймайды, әсіресе бұл өтпелі кезең үшін қауіпті жағдай. Орташалар табының қоғамдық құрылымының бір элементі ретінде қалыптасуы кешіктірілмегені жөн. Өйткені, бір-біріне қарама-қарсы көзқарастағы күштердің арасын жұмсартушы бірден-бір аралық тап осы - орташалар болып табылады. Қазақстанда дәл осы ұғымға сәйкес келетін жауапкершілікті атқара алатын орташа тап жоқ десе болғандай. Сондықтан жүргізіліп жатқан өзгерістердің жемісті болуын қамтамасыз ете алатындай, өтпелі кезеңнің неғұрлым қысқа мерзімде аяқталуына әсер ететіндей, қоғамдық тәртіп пен ауызбірлікке шақыра алатындай белгілі бір таптың қажеттігі айқын. Білім де, білікті орташалар табының сандық салмағы да қоғамда жүріп жатқан нарықтық қатынастардың демократиялық сипатта өріс алуын және олардың кері баспауын қамтамасыз етеді. Әзірге біздегі экономикалық өзгерістер халықтың басым көпшілігіне ауыртпалық түсіріп, орташа таптың қалыптасуына қажетті алғы шарттарды тежеп отыр. Ал экономикалық жаңғыртулардың әртүрлі аспектідегі мәселелері сан-саққа ала тартпауы үшін басты бағдарды, яғни өзгерістердің әлеуметтік негізі - қазақстандық орташа тапты қалыптастыруды мақсат ете отырып, қимыл жасағанмыз жөн.

Орташалар табының қалыптасып болмауынан біздің қоғамда қазір бір-біріне қарама-қарсы бағыттағы екі көзқарас - ресми (мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында жарияланған) және бейресми (халықтық) көзқарас бой көрсетуде. Біріншісінің тұжырымы бойынша, нарықтық өзгерістерді қайткенде де қамтамасыз ету үшін әлеуметтік негіз ретінде "ауқаттылар табын" қалыптастыруды неғұрлым жеделдету керек. Ал екіншілердің көзқарасы бойынша, "бұқараның қамын жейтін" патерналистік қоғам түрін сақтау қажет.

Нарықтық өзгерістерді іске асыру үшін қажетті аралық күшті (фигура) таңдау қажеттілігі туған жағдайда жаңғыртулардың экономикалық және саяси жағынан тиімділігінің жиынтығын есепке алған дұрыс. Егер қаржы қорының ауқаттылар қолында жинақталуы экономиканың даму деңгейін тұрақты түрде өсіріп отырса, одан қоғамның әрбір мүшесі ұтатындай болса, онда бұған қарсылық жасаудың қажеті де болмас еді. Алайда, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ең оңтайлы деген жолды таңдағанның өзінде, экономиканың мимырт түрде даму деңгейінен әбден мезі болған халық өзінің әл-ауқатының жақсаруын шыдамды түрде ақырына дейін күтіп отыра беретініне еш кепіл беруге болмайды. Сондықтан бұл жағдайды болдырмас үшін, ең ұтымды, тиімді саясат орташалар табының қамын ойлау болып табылады.

Біз дайындаған құжатта ғылым, білім беру саласына көп көңіл бөлінеді. Біздегі білім беру жүйесі дәл қазіргі қалпында қалыптасып келе

жатқан нарық ерекшеліктеріне сай деуге болмайды. Бұл жүйе жалпылама (орташа) міндетті білім беруден бастап, түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Қазақстанның болашағы ең алдымен осы білім беру жүйесінде қалыптасатын жағдайға, мамандарға тікелей тәуелді.

Концепцияда, сонымен қатар, жаңғыртулардың заңдылық негізін талдау мәселесіне де маңыз берілген. Мұның өзі тегін нәрсе емес. Нарықтық тәртіпті заңдастыру қоғамда құқықтық тәртіпті нығайтады. Заңдастырылған негіздегі жүйелі тәртіптің жетімсіздігі құқықтық жолсыздықтарға ұрындырады. Қазіргі уақытта бізге Қазақстанның болашақ дамуын айқындап бере алатын қысқа және ұзақ мерзімді жаңғырту шараларын бір жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін, жан-жақты ойластырылып, теориялық жағынан терең негізделген стратегия қажет. Барлық жүйелер кешенді түрде бір бағытта және халық ұғымына түсінікті де жақын ортақ мақсатта жұмыс істеуі керек. Өтпелі кезеңнің мұндай мақсаты қазақстандық орташалар табын, әрі осы кезеңнің өзіне тән тиімді экономикасын қалыптастыруды көздеу болып табылады.

Қазақстанның саяси сөздігінде бүгінгі күні "орташа тап" деген ұғым жоқ. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының алдында да үлкен міндет тұр - ол "орташа тап" ұғымын халық санасына неғұрлым ұғымды тілмен жеткізе отырып, бұл таптың азаматтық қоғамдық құрылым ретінде бірігіп қалыптасуына жәрдемдесу.

Елімізде жүргізіліп жатқан жаңғыртулардың алғашқы кезеңі таза мемлекеттік сипатта өтіп жатқандықтан адамдардың осыған байланысты қалыптасқан мінез-құлқын, іс-әрекетін бірден өзгерту де мүмкін емес. Сондықтан қоғамдық ой-сананы түбірімен өзгертудің алғы шарты ретінде түбегейлі саяси-әлеуметтік өзгерістердің бастамасы боларлық орташа тапты қалыптастыру жолын іздестірген жөн. Көп жағдайда бұл құбылыс таяу уақытта қоғамның жіктелуі қандай түрде (нарықтық өзгерістерді неғұрлым тез және қысқа мерзімде өткізу үшін жоғарыдан нұсқау беру арқылы ма, әлде көпшіліктің көңіліне қонымды жолмен - біртіндеп даму жолымен бе) өтетіндігіне байланысты. Бірінші жағдайда орташа тапты қалыптастыру мүлдем мүмкін болмайды, не оның қалыптасуы ондаған жылдарға созылып кетеді. Екінші жолды ұстанатын болсақ, орташа тап өзін бірден танытып, өзінің саяси үнін тез арада естірте де алады. Бұл мемлекеттің осы бағытта жүргізетін саясатымен тікелей байланысты болмақ.

Қысқасы, егер Қазақстан тиімді нарықтық экономикасы дамыған, мәдениеті гүлденген мемлекет болғысы келсе, онда бізде алдымен орташалар табының қалыптасуы қажет.